

2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 тамыздағы № 454 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|-------------------------|----------------------------------|
| <i>Премьер-Министрі</i> | <i>Қазақстан Республикасының</i> |
| <i>Қазақстан</i> | <i>К.Мәсімов</i> |
| <i>Үкіметінің</i> | <i>Республикасы</i> |
| <i>2016 жылғы</i> | <i>11 тамыздағы</i> |
| <i>№ 454 қаулысымен</i> | |
| <i>мақұлданған</i> | |
| <i>Жоба</i> | |

2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы ХАТТАМА

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарттың 2-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттамамен Қырғыз Республикасы 2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімге қосылады.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді, бірақ 2015 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде озонды бұзатын заттар мен оларды қамтитын өнімдерді өткізу және озонды бұзатын заттарды есепке алу туралы келісімнің күшіне енген күнінен ерте емес.

2016 жылғы « ___ » _____ каласында орыс тілінде бір төлнұсқа
д а н а д а ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, оның куәландырылған көшірмесін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше әрбір мемлекетке жібереді.

| | | | | |
|------------------------|------------------------|------------------------|------------------------|-----------------------|
| <i>Армения</i> | <i>Беларусь</i> | <i>Қазақстан</i> | <i>Қырғыз</i> | <i>Ресей</i> |
| <i>Республикасының</i> | <i>Республикасының</i> | <i>Республикасының</i> | <i>Республикасының</i> | <i>Федерациясының</i> |
| <i>Үкіметі үшін</i> | <i>Үкіметі үшін</i> | <i>Үкіметі үшін</i> | <i>Үкіметі үшін</i> | <i>Үкіметі үшін</i> |